

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына қарасты шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілген ішкі талдаудың
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

Шымкент қаласы

2024 жылғы «21» мамыр

Ішкі талдау жүргізу объектісінің толық атауы:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Орналасқан жері:

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт шағын ауданы 188 ғимарат.

Ішкі талдау жүргізудің негіздері:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын және Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының (бұдан әрі-Басқарма) шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі-Кәсіпорын) 2024 жылғы 12 сәуірдегі №56 н-қ бұйрығы негізінде.

Кәсіпорынның 2024 жылғы 12 сәуірдегі №56 н-қ бұйрығының «1» қосымшасына сәйкес, ішкі талдау жұмысын жүргізу бойынша тағайындалған жұмыс тобының персоналдық құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі: Комплаенс-офицер **Б. А. Әбен**

Жұмыс тобының құрама:

Бас есепші	С. С. Абдикулова
Кадр бөлімінің бастығы	А. А. Абдиев
Заң кеңесшісі	М. К. Ережепов

Кәсіпорынның ішкі талдауына өзге субъектілердің мамандары мен сарапшылары тартылған жоқ.

Ішкі талдаудың негізгі бағыттары

- Персоналды басқару және жұмыс жүргізу бойынша:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының (бұдан әрі-Басқарма) шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында (бұдан әрі-Кәсіпорын) жұмысқа қабылдау ең алдымен Enebek.kz парталына салынады. Кейіннен, Кәсіпорын тарапынан бекітілген комиссия құрамы «әңгімелесу» тәртібі бойынша үміткерлерді қабылдайды.

2024 жылғы 3 қаңтардан бастап Кәсіпорынға:

- 11 - дәрігер,
- 1 - орта медицина қызметкері (мейіргер-акушер),
- 12 - кіші медицина қызметкері,

- 6 - әкімшілік-шаруашылық қызметкері жұмысқа қабылданды.

Жыл басынан бері «әңгімелесу» кезеңінен өтпеген үміткерлер тарапынан арыз-шағымдар болған жоқ.

- Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша:

Мемлекеттік қызметтер ақылы және тегін түрде көрсетіледі. 2023 жылғы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті және Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы тарапынан жүргізілген сыртқы талдау нәтижесінде, "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен ақылы қызметтер бағалары теңестірілді.

Сондай-ақ, Кәсіпорынның ресми сайтында ақылы қызметтер мен бағалары көрсетілген.

Науқас өзінің тіркелген емханасынан жолдамамен келгендерге тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау мақсатында, Кәсіпорын тарапын пациенттер (науқастар) арасында анонимдік сауалнама парақтары таратылып, пациенттер тарапынан мемлекеттік қызметтердің түрлерін алу кезінде, ешқандай қиындық болмайтындығы көрсетілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтердің сапалы орындауына байланысты мониторинг жұмыстары тоқсан сайын жүргізіліп тұруына ұсыныс білдіремін.

- Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Кәсіпорында дәрігерлерге, мейіргерлер мен тазалықшыларға, анонимдік сауалнама барысында жоғары тұрған қызметкерлерден қысым көру, негізсіз артық жұмыс істету туралы арыз-шағымдар болған жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлеріне жұмыс бағыты бойынша кез келген қысым, қудалау болған жағдайда кәсіпорын басшысына немесе Кәсіпорын комплаенс қызметкеріне жүгінуге болатындығы, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа куә болған жағдайда 1424 coll орталыққа және Кәсіпорын комплаенс қызметкеріне хабарласу қажет екендігі түсіндірілді.

- Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бойынша:

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады.

Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалар тарапынан түскен арыз-шағымдар болған жоқ.

- Кәсіпорын бюджетін және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Кәсіпорын қызметінде бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

Қазіргі таңда, Кәсіпорында 6 айдан асқан жоғары сомадағы кредиторлық берешек (кредиторская задолженность) болған жоқ.

Сонымен қатар, Кәсіпорын қызметінде бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу барысында арыз-шағым түскен жоқ.

- Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады.

Дегенмен, алдағы уақытта ұйымдастыру-басқару қызметін Кәсіпорын тарапынан мониторинг жұмыстары жүргізуге ұсыныс білдіреді. Ұйымдастыру-басқару қызметі бойынша арыз-шағымдар болған жоқ.

- Арыз-шағымдар бойынша:

Кәсіпорынның Е-Өтініш электрондық парталы арқылы жыл басынан бері 6 арыз-шағым келіп түсті.

Оның ішінде: 1 өтініш, 1 көшірме (дубликат), 3 ұсыныс, 1 басқа хабарламалар (адресаты қате жіберілген).


Өтініштерді саралау барысында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Сондай-ақ, Кәсіпорын ғимаратында арнайы сенім жәшігі орнатылған. Сенім жәшігі Кәсіпорын тарапынан бекітілген комиссия құрамымен әр аптаның сәрсенбі күні ашылады. Саралау барысында ешқандай арыз-шағым түспегені, пациенттің алғысы түскені белгілі болды.

Ішкі талдау барысында Кәсіпорында 2024 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 сәуір аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.


Сонымен бірге, ішкі талдау анықтамасы Кәсіпорын басшысына таныстырылсын.

Жұмыс тобының жетекшісі:




Б. А. Әбен


Жұмыс тобының құрама:



С. С. Абдикулова




А. А. Абдиев



М. К. Ережепов

Таныстым: Бас дәрігер _____



Г.Ж. Сыздыкова